

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2021 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 910 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 3 шілдедегі № 465 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2021 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 910 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2021 жылға арналған жоспарында:

реттік нөмірлері 13-1, 13-2-жолдар алып тасталсын;

реттік нөмірі 18-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

18	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет, қайырымдылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	АҚДМ	мамыр	шілде	қыркүйек	Б. А. Тілепов
----	---	------	-------	-------	----------	---------------

".

,

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 21-1, 21-2-жолдармен толықтырылсын:

"

21-1.	Қоғамдық бақылау туралы	АҚДМ	тамыз	қыркүйек	қазан	Б. А. Тілепов
21-2.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	АҚДМ	тамыз	қыркүйек	қазан	Б. А. Тілепов

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин